



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің «Абай және ұлттық руханият» ҒЗО және филология факультеті ақиық ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл толуына арналған «Сұлтанмахмұт тағылымы» республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференциясына шақырады.

Конференция **2023 жылдың қазан айының 26-сі** күні, сағат 11.00 де өтеді.

Конференция жұмысына қатысуға ғалымдар, оқытушылар, докторанттар, магистранттар және колледж, мектеп мұғалімдері шақырылады.

Конференцияның жұмыс бағыттары:

1. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасы;
2. Сұлтанмахмұт Торайғыров және қазақ тілі білімінің өзекті мәселелері;
3. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әлеуметтік-философиялық көзқарастары;
4. Қазіргі білім беру мәселелері және Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларын оқыту.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Конференцияға қатысу үшін баяндамаларды **2023 жылдың 25 қазанына** дейін жіберу қажет.

БАЯНДАМАНЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Баяндама қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қабылданады, формат А-4, көлемі 5 беттен аспауы шарт. Үстіңгі, астыңғы жиектер – 2 см, оң жақ жиек – 2 см; сол жақ жиек – 3 см; шрифт – 12 кегль, «Times New Roman» гарнитурасында, мәтін аралық қашықтық 1,0 интервал.

Беттің сол жағынан ЭОЖ қойылады. Содан бір аралықтан кейін **бас әріптермен** баяндаманың тақырыбы жазылады. Бір интервал түсірілген соң беттің ортасынан қою әріппен автор туралы мәлімет беріледі: автордың аты-жөні, оның астында оқу немесе жұмыс орны, дәрежесі көрсетіледі, одан бір аралықтан кейін мәтін берілуі керек.

Сілтемелер мен әдебиеттер тізімін рәсімдеу:

Дереккөз сілтемесі төртбұрышты жақшада (мысалы: [2, 116]), әдебиеттер тізімі мақала соңында әдебиеттерді қолдану реті бойынша орналастырылады. Пайдаланылған дереккөздер саны бесеуден кем болмауы тиіс. Беттерге нөмір қойылмайды.

Көрнекіліктер болған жағдайда JPEG форматында, 300 dpi кем болмауы керек. Мақаланың мазмұндық сапасына автор жауап береді. Материалдар ұқыпты тексерілген және баяндамаларды рәсімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес болуы керек.

Конференция тақырыбы мен баяндама рәсімдеудің талаптарына сәйкес келмейтін, сонымен қатар көрсетілген уақыттан кейін жіберілген материалдар жинаққа енгізілмейді.

Онлайн қатысу ZOOM:

Конференция идентификаторы: 936 8509 9720

Құпия сөз: 837284

Ұйымдастыру комитетінің электрондық поштасы: sultanmakhmur_tagylymy@bk.ru

Конференция материалдары электронды жинақта жарияланады.

Электрондық форматтағы жинақ үшін тіркеу жарнасы **3000 теңге** (бір мақала үшін және қатысқаны үшін сертификат). Шәкәрім университетінің ПОҚ-на **1500 теңге**. Тіркелу жарнасы «Сұлтанмахмұт тағылымы қатысқаны үшін» міндетті жазбасымен келесі банктік деректемелері бар шотқа аударылуы керек:

БИН 130840007973

БИК HSBKZZKX

ИИК KZ126010261000182423

КБЕ 16, КНП

АО «Народный банк Казахстана»

Тел. 8 (7222) 33-47-95

Тезисті рәсімдеу үлгісі:

ӘОЖ:

**СҰЛТАНМАХМҰТТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ
КӨЗҚАРАСТАРЫ**

Исатай А., ф.ғ.к., доцент

ҚР, Семей қ., Шәкәрім университеті

issatai.a@mail.ru

Конференция координаторы: 8-776-166-57-70 Райымбек Төлендіұлы